

С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ

**ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ**



**КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ**

**УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.
АСФЕНДИЯРОВА**

Тақырыбы:

**Иммунопрофилактика бойынша жалпы сұрақтар, терминер, түсінік.
Иммунды биологиялық препараттардың түрлері, қолдануға
көрсеткіштер. Егуге көрсеткіштер : жоспарлы егулер және эпид.
көрсеткіштер бойынша жасалатын.**

Факультет: ҚДС

Тобы: 13-002

Иммунитет дегеніміз — ағзаның антигендік қасиеті бар бөгде заттарды қабылдамауы, әртүрлі инфекциялық ауру қоздыратын бактериялар мен вирустарға, антигендік қасиеті бар бөгде заттардың әсерлерінің ықпалына ағзаның қарсы тұруы.



Иммундық жүйенің ерекше қызметі — ағзадағы зиянды микробтар мен вирустарды алдымен окшаулап, содан кейін жояды. Өкінішке орай, үнемі ағзаға осындай заттар түсе берсе, күресе–күресе иммундық жүйе әлсірейді.

Табиғи иммунитет

Туа пайда
болған

тұқым
қуалайды
аурудан соң

Жүре пайда
болған

пайда болады
тұрақты

Жасанды иммунитет

Белсенді
иммунитет
(екпе арқылы)

қалыптасады
уақытша

Әлсіз иммунитет
(емдік
сарысудан)

қалыптасады



Иммундауды **белсенді, енжар, аралас** деп бөледі.

Белсенді иммундау - бұл организмге құрамында антигендері және уыты бар әлсіреген қоздырғыштан тұратын препаратты енгізу (қызылша, дифтерия, полиомиелит, түйнеме, туляремия және т.б.)

* **Енжар иммундау (серопротекция)**

- бұл организмге дайын арнайы антиденелері бар препаратты енгізу (иммундық сары сулар, иммундыглобулиндер). Бұндай егулерден кейін енжар иммунитет өте тез пайда болады, бірақ өте қысқа уақытқа созылады (сіреспе, вирусты гепатит А, қызылша және т.б.).

*** Аралас (белсенді-енжар) иммундау-
ол иммунитет тез құрылуы үшін
иммунды глобулинді (сарысуды) және
иммундық эффекті бекіту үшін,
тұрақты, ұзаққа созылатын
иммунитетті қалыптастыру үшін
вакцинаны (анатоксинді) бірінен соң
бірін егу (Мысалы: Құтыру ауруына
қарсы)**

*** Иммундық препараттардың келесі түрлерін ажыратады:**

- вакциналар (анатоксиндер және т.б.);
- Иммундық сары сулар және иммундыглобулиндер;
- иммуномодуляторлар.

Белсенді иммунитет тудыратын препараттарға тірі, өлі және аралас вакциналар жатады.

* Жұқпалы аурулар профилактикасында иммунизация рөлі



Жұқпалы аурулардың алдын алудың жалпы қағидаларына сай вирустық инфекциялардың профилактикасы да енжар және белсенді иммундау тәсілдерінен тұрды.

Белсенді иммунитет организмге вакцина ретінде вирусты енгізгенде қалыптасады. Мұндай иммунитет вакцина енгізгеннен кейін бірнеше аптадан соң пайда болады да, бір жылдан бірнеше жылдарға дейін сақталады.

Енжар иммунитет организмге иммунды антиденелер енгізгенде пайда болады. Пассивті иммундау әдісін организмде жұқпалы аурудың дамуын жедел тоқтату қажет болғанда қолданылады. Оған адамдарда ауру жұғу қауіпті төнген және активті иммундау уақыты өтіп кеткен жағдайлар жатады. Бұл кезде пайда болған иммунитет ұзаққа созылмайды.



Табиғи белсенді иммунитет – жұқпалы аурулармен науқастанып жазылғаннан кейін пайда болады, сондықтан оны постинфекциялық иммунитет деп атайды. Бактерияларға қарсы, вирустарға қарсы саңырауқұлақтарға қарсы және т.б. иммунитет деп ажыратылады. Оның түзілуі әдетте организм микробтан тазарғанда басталады. Бірақта кейбір инфекциялық аурулар кезінде қабылдаушылық инфекциялық агенттің организмде болуы мен байланысты. Егер қоздырғыштан ағза тазарса, ол микробтарды қайтадан қабылдағыш бола алады. Бұл инфекциялық немесе стерильді емес қабылдамаушылық деп аталады.

Табиғи (пассивті) плаценталық иммунитет – нәрестеге дүниеге келмей тұрғанда бала жолдасы арқылы анасының қанымен беріледі. Дайын антиденелер қан мен қатар ана сүтіменде беріледі, бұл жаңа туған нәрестенің түрлі инфекциялық ауруларға белгілі бір уақыттар аралығында төтеп беруіне мүмкіндік береді

Жасанды белсенді иммунитет - әртүрлі жұқпалы ауруларға қарсы вакцина жүргізгенде пайда болады, сондықтан оны поствакциндық иммунитет деп атайды. Оның ұзақтығы және кернеуі көптеген факторларға байланысты, көбінде вакциналық, антигендік, иммуногендік қасиеттерімен, оны енгізу ретімен әдістеріне және т.б. байланысты. Ол бір жылдан бірнеше жылға дейін сақталуы мүмкін.

Жасанды пассивті иммунитет – спецификалық иммунды қан сары суларын немесе гамма – глобулиндерді енгізгеннен кейін пайда болады. Организм дайын антиденелер қабылдайды. Сондықтан оны постсарысулық иммунитет деп атайды. Мұндай иммунитет ұзаққа созылмайды, екі -үш аптадан кейін антиденелер организмнен шығарылады.